ҮЙ-ЖАЙДЫ САТЫП АЛУ–САТУ ШАРТЫ № 72

Қазақстан Республикасы, Қапшағай қаласы

Екі мың он жетінші жылдың он бірінші қазаны

Біз, төменде қол қоюшылар:

«Имсталькон» акционерлік қоғамы, БСН 950540000292, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Айманов көшесі, 140-үй, 58а тұрғын емес үй-жай, пошталық индексі 050057, «Имсталькон» АҚ Жарғысы негізінде әрекет етуші бас директор Резунов Михаил Михайловичпен берілген 22.09.2017 жылғы №5-822 сенімхат бойынша әрекет етуші Алматы облысы, Қапшағай қаласы, 3-ықшамаудан, 42-үй, 57 – пәтер мекен-жайы бойынша тұратын, 19.05.1958 жылы туылған, ЖСН 580519400989, Кононова Ирина Яковлевна тұлғасында, әрі қарай «Сатушы» деп аталып, бір тараптан, және

Кирьянова Наталья Александровна, 24.06.1984 жылы туылған, ЖСН 840624401537, Алматы облысында туып-өскен, Алматы облысы, Капшағай қаласы, 2-ықшамаудан, 18-үй, 67-пәтер мекен-жайы бойынша тұрады, осы Шартты жасау сәтінде некеде тұрмайды, әрі қарай «Сатып алушы» деп аталып, екінші тараптан,

осы Шартты төмендегілер туралы жасады:

1. Сатушы Алматы облысы, Қапшағай қаласы, 4-ықшамаудан, 46-үй, 1-қабат, тұрғын емес үй-жай 86 мекен-жайында орналасқан, жалпы алаңы 155,6 шаршы метр тұрғын емес үй-жайды (әрі қарай мәтін бойынша – Үй-жай) сатады, ал Сатып алушы – сатып алады.

Кадастрлік нөмірі 03:055:001:653:1:86.

Мақсаты - тұрғылықты емес құрылыс.

2. Сатушының Үй-жайға меншік құқығы келесі құжаттармен расталады:

- Қапшағай қ. Әділет басқармасында 23.01.2013 жылы № 6331 тіркелген Мемлекеттік қабылдау комиссиясының «Қапшағай қ., 4-ықшамаудан, № 46-үй тұрғын үйі» нысанын пайдалануға қабылдау туралы 22.01.2013 жылғы №1 актісі;
- 14.01.2008ж. Жер теліміне жеке меншік құқығына акт (жер телімінің кадастрлік нөмірі 03:055:001:653);
- Қапшағай қаласы Әкімдігінің 2007 жылғы 4-маусымдағы № 2161 Қаулысы;
- Қапшағай қаласы Әкімдігінің 2007 жылғы 13-қыркүйегіндегі № 4534 Қаулысы;
- Қапшағай қаласы Әкімдігінің 2007 жылғы 13-қыркүйегіндегі № 3857 Қаулысы;
- 2007 жылғы 17-шілдедегі № 5024 Жер телімін жеке меншікке сатып алу-сату шарты;
- 23.12.2014 жылғы Көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерге техникалық төлқұжат (Ф-2).

3. Үй-жайдың құны Тараптармен **14 000 000 (он төрт миллион) теңге** мөлшерінде айқындалған.

4. Осы Шарттың 3-тармағында көрсетілген Пәтердің толық құнын төлеу Шарттың 13-тармағында көрсетілген Сатушының есеп-шотына ақша қаражатын 2017 жылдың 11 қазанына дейін Сатып алушымен төлеу жолымен жүргізіледі.

5. Сатып алушы Пәтердің толық құнын төлеген жағдайда ғана меншік құқығының өтуі мемлекеттік тіркелгеннен кейін көрсетілген пәтерге меншік құқығына ие болады.

Сатып алушыға Үй-жайды иелікке, пайдалануға және билік етуге беру осы Тұрғын емес үй-жайды сатып алу-сату шартының және Үй-жайды қабылдау-табыстау актісінің негізінде жүзеге асырылады.

Үй-жайға техникалық құжатты Сатып алушы дербес және өз есебінен ресімдейді.

Осы Тұрғын емес үй-жайды сатып алу-сату шартын тіркеу жөніндегі шығындарды Сатып алушы көтереді.

Үй-жайға техникалық құжатты Сатып алушы дербес және өз есебінен ресімдейді.

6. Сатушы Үй-жайдың осы Шартта белгіленген алаңдарының жобаға және техникалық түгендеу жүргізген кезде уәкілетті тіркеуші органмен айқындалған Үй-жай алаңдарымен кез келген мүмкін болатын сәйкессіздік үшін жауап бермейді.

7. Осы Шартты жасау кезінде сатылатын Үй-жай ешкімге сатылмаған, кепілге берілмеген және тыйым салуда жоқ, мұны жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама растайды.

8. Тараптар осы Шартқа қол қою кезінде өздерінің әрекет қабілеттілігінің шектелмегінін, есірткілік, уытты, алкогольдік масаң күйде еместігін, денсаулығына байланысты өз құқықтарын

жүзеге асырып, қорғай алатынын және міндеттерін орындай алатынын, қол қойылатын шарттың мәнін түсінуге кедергі келтіруі мүмкін аурумен ауырмайтынын растайды, сондай-ақ алдау, жаңылу, күштеу, қауіп-қатер, арам ниетті келісім немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы әсерінде еместігін растайды.

9. Шарт Тараптар оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді, сол кезден бастап Тараптар үшін міндетті болып табылады және Тараптардың Шартта көзделген өз міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындағанға әрекет етеді.

10. Осы Шарт үш данада жасалған, бір данасы Сатып алушыға, екіншісі – Сатушыға, үшіншісі уәкілетті тіркеуші органына беріледі.

11. Осы Шарттың 4-тармағында көрсетілген төлем мерзімін Сатып алушы 10 (он) күнтізбелік күннен артық кешіктірген жағдайда осы Шарт қандай да бір келісімдерді және сол сияқты басқа құжаттарды жасаусыз, Шарт шарттарына сәйкес Сатып алушы пәтер құнын төлеуі тиіс күннен кейінгі күннен бастап Шарт бұзылды деп есептеледі.

12. Осы Шарттың 11-тармағы негізінде Шарт бұзылған жағдайда Сатып алушы пәтерді меншігіне алу құқығынан айырылады.

13. Тараптардың қолтаңбалары:

Сатушы	**Сатып алушы**
«Имсталькон» АҚ	**Кирьянова Наталья Александровна**
Алматы қаласы, Айманов көшесі,	24.06.1984 жылы туылған,
140-үй, тұрғын емес үй-жай 58а	ЖСН 840624401537,
БСН 950 540 000 292,	Алматы облысында туып-өскен, Алматы
ЖСК KZ5196502F0008186408	облысы, Капшағай қаласы, 2-ықшамаудан,
"ForteBank" АҚ, БСК IRTYKZKA	18-үй, 67-пәтер мекен-жайы бойынша тұрады

Сенімхат бойынша өкіл

_____ Кононова И.Я.

_____Кирьянова Н.А.